

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Күз ханшайымының тапсырмалары

ЖАРИЯЛАНДЫ 03.03.2022	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/115878/
---------------------------------	--	---

Бимаханова Бутакуз Акузаковна

«Қызғалдақ» мектепалды тобының ұйымдастырылған оқу қызметі

Тәрбиеші: Бимаханова Б.А

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Күз ханшайымының қызықты тапсырмалары»

Мақсаты: Балалар пішіндерді ажырата алады. Заттың қандай пішінге ұқсайтынын біледі. Сандарды таниды. Жасырылған санды тауып, айта алады. Кеңістікті бағдарлай біледі.

Көрнекі құралдар: Күз мезгілінің көрістері.Түрлі – түсті пішіндер, сандар суреттері. Құрастыруға арналған бір реттік тарелке. Сұйық зат құйылған қалта.

Әдіс – тәсілдері: жылулық шеңбер, қызықты сәт, тосын сый, сұрақ — жауап, көрсету, түсіндіру, сергіту сәті, тапсырмалар.

Шаттық шеңбер

Мына сұлу әлемде,

Адам өмір сүреді.

Үлкен менен кішіге,

Күн сәулесін төгеді

Шеңберге тұрады

Амандасады.

Айтады, қимыл жасайды.

Сұрақ - жауап өткізу:

— Жылдың қай мезгілі?

— Күз айларын атайықшы?

— Қазір қай ай?

(Бала үні)

Тәрбиеші: Балалар айналамызға қарайықшы, не көріп тұрмыз?

(4К сыни ойлау)

Ләйлім: Сәлеметсіңдерме балалар! Сендердің келгендерің қандай жақсы болды. Маған көмек керек.

Балалар: Сен кімсің? Бізден қандай көмек керек?

Ләйлім: Мен Күз патшайымының қызы Ләйлім ханшайымымын! Мыны менің себетім ауыр, тапсырмаға толы.

Тәрбиеші: Қош келдің! Жақсы келдің! Біз саған көмектесеміз. Біздің балалар тапсырма орындағанды жақсы көреді.

Ал, балалар тапсырманы орындау үшін 4 топқа бөлінейік. Пішін суреті арқылы бөліну.

1 топ: «Үшбұрыш»

2 топ: «Төртбұрыш»

3 топ: «Дөңгелек»

4 топ: «Сопақша»

1. Тапсырма: «Заттарды пішініне қарай орналастыр!»

Шарты: Берілген суреттерге қарап, қай зат қандай пішін екенін айырып орналастыру.

(Педагог жетекшілігімен ойын)

(4 К командамен жұмыс, креативтілік)

Педагог ойынды түсіндіреді.Әр топ өзіне берілген тапсырманы орындады. Суретке қарап ажырата алады.Суретте берілген жерге орналастыра алды.

2. Тапсырма: «Жасырылған санды тап?»

Шарты: Берілген сұйықтан зат құйылған қалтадан жасырылған санды табу.

(Құрылымдалғын ойын) (Бала үні)

Әр бала сұйық зат құйылған қалтадан жасырылған санды табады.

Сергіту сәті: «Әуенмен бірге билеу»

Балалар тәрбиешімен бірге би қимылдарын орындады.

3. Тапсырма: «Санды затпен сәйкесте»

Шарты: Берілген затты санап,санға сәйкестендіру.

(Педагог жетекшілігімен ойын)

(4 К командамен жұмыс, креативтілік)

Балалар бір реттік тәрелкедегі берілген заттың суретіне қарап санай алады.Тиісті

санды қоя алады. Құрастыра алады.

Тәрбиеші: *Ой, жарайсыңдар балалар! Сендер барлық тапсырманы толық орындадыңдар!*

Ләйлім: *Рахмет балалар! Өте ақылды екенсіңдер! Сендерге себетімдегі алмаларды сыйға тартамын.*

Қорытынды: Балалар, бүгін сабақта қандай тапсырмалар орындадық? Немен жұмыс жасадық? Балаларды мақтап, мадақтау.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.